6	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Атырау қаласындағы филиалы	17.07.2015 ж.	Қазақстан, Атырау қ., Канцев көшесі, 2а, пошта индексі 060000
7	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Қарағанды қаласындағы филиалы	19.09.2008 ж.	Қазақстан, Қарағанды қ., Складская к-сі 2, пошта индексі 010177
8	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Қостанай қаласындағы филиалы	23.09.2008 ж.	Қазақстан, Қостанай қ., Лермонтов к-сі, 32/2, индексі 110006
9	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Қызылорда қаласындағы филиалы	03.10.2008 ж.	Қазақстан, Қызылорда қ., Бейбітшілік көшесі, 53, индексі 120008
10	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Павлодар қаласындағы филиалы	24.09.2008 ж.	Қазақстан, Павлодар қ., Киров к-сі, 153/5, индексі 140000
11	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Талдықорған қаласындағы филиалы	22.09.2008 ж.	Қазақстан, Талдықорған қ., Абай к-сі 262а, индексі 040000
12	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Шымкент қаласындағы филиалы	25.09.2008 ж.	Қазақстан, Шымкент қ., Сайрам тас жолы 3, индексі 160014
13	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Өскемен қаласындағы филиалы	23.09.2008 ж.	Қазақстан, Өскемен қ., Абай даңғылы, 191, Үлбі кешені, индексі 070005
14	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Орал қаласындағы филиалы	24.09.2008 ж.	Қазақстан, Орал қ., Лесозащитная к-сі, 4, индексі 090005
15	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Семей қаласындағы филиалы	15.03.2019 ж.	Қазақстан, Семей қ., Жангелдин к-сі, 103, индексі 071408
16	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Ақтөбе қаласындағы филиалы	03.04.2012 ж.	Қазақстан, Ақтөбе қ., 41 разъезд, 422а үй, индексі 030007
17	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Түркістан қаласындағы филиалы	23.10. 2020 ж.	Қазақстан, Түркістан қ., Төле би көшесі, 1-тұйық, 12-ғимарат
18	"RG Brands Kazakhstan" ЖШС Ақтау қаласындағы филиалы	23.10. 2020 ж.	Қазақстан, Ақтау қ., 1 Өнеркәсіптік аймақ, 35/10 ғимарат, пошта индексі 130000
19	«RG Brands Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Тараз қаласындағы филиалы	26.03.2021 ж.	Тараз қаласы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Төле би көшесі, 1-тұйық көше, 12-ғимарат, пошта индексі 161200

Эмитенттің өкілдігі жоқ.

7) Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

060440002605.

8) ISO 17442 "Financial services - Legal Entity Identifier" (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (бар болса):

Жоқ.

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес байланыс телефондарының, факстың нөмірлері және электрондық поштаның мекенжайы, сондай-ақ Эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген Эмитенттің орналасқан



**жерінен өзгеше болған жағдайда нақты мекенжайы көрсетілген Эмитенттің орналасқан жері:**

- Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 212 Б.
- Байланыс телефондары мен факс нөмірлері: +7 (727) 331 55 55, факс жоқ.
- Электрондық пошта мекенжайы: reception@brands.kz, info@brands.kz.

Эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамада көрсетілген Эмитенттің орналасқан жерінен ерекшеленбейді.

## **2 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ, ОЛАРҒА АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАР БОЙЫНША КІРІС АЛУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

Облигациялардың осы шығарылымы Эмитент облигацияларының бірінші шығарылымы болып табылады.

### **3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:**

*1) облигациялардың түрі:*

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар.

*2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):*

Облигациялардың номиналды құны тіркелген шама болып табылады және 1000 (мың) теңгеге тең.

*3) облигациялар саны:*

8 500 000 (сегіз миллион бес жүз) дана.

*4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:*

8 500 000 000 (сегіз миллиард бес жүз миллион) теңге.

*5) облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:*

Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - Қазақстан теңгесімен көрсетіледі.

Эмитент барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді), Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банк шоты болмаған жағдайларды қоспағанда, қазақстандық теңгемен қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы сомасын төлеу облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банктік шот болған кезде қазақстандық теңгеде жүргізілетін болады.

Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді

жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады.

Теңгені өзге валютаға айырбастау (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі.

Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті – облигация ұстаушысының пайдасына теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

**4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:**

Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді.

**5. Облигациялар бойынша кіріс алу:**

1) *облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):*

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне тіркелген болып табылады және облигацияның номиналды құнының жылдық 10 (он пайызын) %-ын құрайды.

2) *сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні:*

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде облигациялар айналысының басталған күнінен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

3) *облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн:*

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу облигациялардың айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі және облигациялардың айналысы кезеңінің соңғы күні аяқталады.

4) *облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:*

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – "тіркеу күні") Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аударуы арқылы теңгемен жүргізіледі.

Әрбір купондық кезең үшін облигациялар бойынша сыйақы алуға Тіркеу күніне облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғалардың құқығы бар.

Әрбір облигация ұстаушыға төлеуге жататын купондық сыйақы сомасы тиісті облигация ұстаушыға тиесілі орналастырылған облигациялардың номиналдық құнының және купондық сыйақының жартыжылдық ставкасының туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі таңбалар саны және дөңгелектеу әдісі "Қазақстан қор биржасы" АҚ қағидаларына сәйкес айқындалады. Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5) *облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:*



Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасы есебінен жүргізілетін болады.

**6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша көрсетіледі:**

- 1) *оригинатордың, кастодиан банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;*
- 2) *оригинатордың қызметінің мәні, секьюриттеу мәмілесіндегі құқықтары мен міндеттері;*
- 3) *бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша талап ету құқықтарының сипаттамасы, ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;*
- 4) *бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;*
- 5) *секьюриттеу мәмілесі бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын шарттар қамтылуға тиіс;*
- 6) *оригинатордың және секьюриттеу мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюриттеуді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;*
- 7) *секьюриттеу мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы;*
- 8) *талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері;*
- 9) *облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі.*

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюриттеу кезінде қосымша көрсетіледі:**

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**3 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ, АЙНАЛЫСҚА ЖІБЕРУ, ӨТЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ, СОНДАЙ-АҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР РЫНОГЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ 15 ЖӘНЕ 18-4-БАПТАРЫНДА БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУДЫҢ ҚОСЫМША ШАРТТАРЫ**

**8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:**

- 1) *облигацияларды орналастыруды бастау күні:*

Облигацияларды орналастыруды бастау күні облигациялар айналысының басталу күні болып табылады.

- 2) *облигацияларды орналастыруды аяқтау күні:*

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күні болып табылады.

- 3) *облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):*

Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру жоспарланады.

## 9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:

### 1) облигациялар айналысының басталу күні:

Облигациялар айналысының басталу күні "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген саудасаттықты өткізу күні болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы хабарлама "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ресми сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланатын болады.

### 2) облигациялар айналысының аяқталу күні:

Облигациялардың айналысы аяқталған күн облигациялардың айналысы мерзімінің соңғы күні болып табылады.

### 3) облигациялардың айналыс мерзімі:

Облигациялардың айналыс мерзімі облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жылды құрайды.

### 4) облигациялар айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):

Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында айналысқа түсетін болады.

## 10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

### 1) облигацияларды өтеу күні:

Облигацияларды өтеу кезеңінің басталу күні - облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жылдан кейін аяқталатын облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күн.

### 2) облигацияларды өтеу тәсілі:

Негізгі борыш сомасын өтеу облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады. Негізгі борыш сомасын төлеу облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылатын болады.

Төлем оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға Тіркеу күнінің басындағы жағдай бойынша (облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) жүзеге асырылатын болады.

### 3) Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен атаулы құнды төлеу облигациялар шығару проспектісіне сәйкес өзге де мүлктік құқықтармен жүргізілсе, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлктік құқықтармен жүргізілмейді.

## 11. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда, мыналар көрсетіледі:



"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Бағалы қағаздар рыногы туралы заң") 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды шығару үшін сатып алудың қосымша шарттары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында эмитенттердің бастамасы бойынша облигацияларды сатып алуды жүзеге асыру тәртібі көзделмегенін назарға ала отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

1) *облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:*

Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Эмитент өзінің облигацияларын айналыстың бүкіл мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда толық немесе ішінара сатып алуға және сатуға құқылы.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ-да мәміле жасалған күні қалыптасқан нарықтық құнын негізге ала отырып, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында мәміле жасасу кезінде;
- Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында мәміле жасасу кезінде - мәміле тараптарының келісімі бойынша.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және оларды Эмитент қайта орналастыра алады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы өзге облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқпауға тиіс.

Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ресми сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) ашады.

2) *облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:*

Облигациялардың барлық ұстаушыларына Эмитенттің жалғыз қатысушысының облигацияларды сатып алуы туралы шешім қабылдағаны туралы Эмитенттің ресми сайтында (<https://rgbrands.com>), "Қазақстан қор биржасы" АҚ ресми сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) Эмитенттің ішкі қағидаларында, "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі қағидаларында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент хабарлайтын болады. Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарыққа сілтеме (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- сатып алынатын облигациялардың саны;
- облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:
  - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) облигациялар ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б)

- облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
- ұйымдастырылған нарық үшін – облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісін көрсету.

Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алуы Эмитенттің Жалғыз қатысушысының шешімімен айқындалған күні жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылмаған нарықта облигациялар сатып алынған жағдайда, оларға тиесілі облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін облигация ұстаушылары Эмитентке қатысушылардың жалпы жиналысының облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитенттің атына тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы.

Ұйымдастырылған нарықта облигацияларды сатып алған жағдайда, оларға тиесілі облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін облигация ұстаушылары "Қазақстан қор биржасы" АҚ қағидаларында көзделген тәртіппен "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда жүйесіне сатып алуды жүргізген күні тиісті бұйрық беруге құқылы.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар бермеген облигациялар облигациялар шығару проспектісінде көзделген тәртіппен облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

#### 4 ТАРАУ. КОВЕНАНТТАР (ШЕКТЕУЛЕР) БАР БОЛСА

##### 12. Егер бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, мыналар көрсетіледі:

- 1) *Эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:*

Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент:

- а) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеуге;
- б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуге міндеттенеді.

- 2) *ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-қимыл тәртібі:*

Облигацияларды шығару проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Эмитент бұзушылық туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы бұзушылық туралы ақпаратты, бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, Эмитенттің ресми сайтында (<https://rgbrands.com>), "Қазақстан қор биржасы" АҚ ресми сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ақпаратты орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушыларға хабарлайды.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Эмитенттің Жалғыз қатысушысы сатып алуға жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде мыналар туралы шешім қабылдауға міндетті:

- облигацияларды сатып алу;
- сатып алынатын облигациялар саны;

- облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:
  - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) облигациялар ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
  - ұйымдастырылған нарық үшін – облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісін көрсету.
- Эмитенттің облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитент Эмитенттің Жалғыз қатысушысы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийі ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті.

Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- сатып алынатын облигациялардың саны;
- облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:
  - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) облигациялар ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
  - ұйымдастырылған нарық үшін – облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісін көрсету.
- Эмитенттің облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Орналастырылған облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Жалғыз қатысушысы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Эмитент жүзеге асырады.

Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талап етуі бойынша облигацияларды мынадай бағалардың ең көбі бойынша сатып алуға міндетті:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың индекстелген номиналды құнына сәйкес келетін бағаның мәні;
- облигациялардың әділ нарықтық бағасымен.

### 3) *ковенанттар бұзылған кездегі облигация ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі:*

Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратты алғашқы жариялағаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің атына жазбаша өтініш беруге құқығы бар, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген облигациялардың санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдауға міндетті. Эмитенттің Жалғыз қатысушысының облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы, оның ішінде облигацияларды сатып алу күні туралы ақпаратпен облигация ұстаушылары осы

проспектінің 12-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Эмитенттің (www.rgbrands.com), "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді:

*Заңды тұлға үшін:*

- Облигация ұстаушының атауы;
- Бизнес сәйкестендіру нөмірі;
- Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні және берген орган;
- Заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері;
- Телефондар;
- Банк деректемелері;
- Сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

*Жеке тұлға үшін:*

- Облигация ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты;
- Жеке сәйкестендіру нөмірі;
- жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және берген орган;
- Тұрғылықты жері;
- Телефондар;
- Банк деректемелері;
- Сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Ұйымдастырылған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, өзіне тиесілі облигацияларды эмитентке сатуды жоспарлаған облигация ұстаушы "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ішкі қағидаларында көзделген тәртіппен сатуға тиісті бұйрық беруі тиіс.

Ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, облигацияларды ұстаушы облигацияларды сатып алуды жүргізген күні орталық депозитарийдің атына Эмитенттің Жалғыз қатысушысы айқындаған тәртіппен облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өзіне тиесілі облигацияларды есептен шығаруға бұйрық беруге тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылардың облигациялар шығару проспектісінде көрсетілген осы шығарылымның айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.

## **5 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ (АЙЫРБАСТАЛАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕ) АЙЫРБАСТАУ ШАРТТАРЫ, МЕРЗІМДЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ**

### **13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:**

- 1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру бағасын айқындау тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталатын болса, облигациялар шығарылымы конверсиялау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, осы шығарылымның сатып алынған



облигациялары одан әрі орналастыруға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

- 3) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған Банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау шарттарын көрсетеді.

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайды.

#### **6 ТАРАУ. ОСЫ МҮЛІКТІҢ ҚҰНЫН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ШЫҒАРЫЛҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ ІШІНАРА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР ЭМИТЕНТІНІҢ МҮЛКІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША)**

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері:

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығару кезінде - концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары:

Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

#### **7 ТАРАУ. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДАН АЛЫНҒАН АҚШАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫ**

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

- 1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:

Осы шығарылымның облигацияларын орналастырудан алынған қаражатты:

- өндірістік қуаттарды арттыруға инвестициялар;
- өндірістік қуаттарды жаңғыртуға және кеңейтуге инвестициялар;
- негізгі құралдарды сатып алу және жаңғырту;
- ағымдағы берешекті қайта қаржыландыру;
- дистрибуциялық инфрақұрылымды дамыту;
- қаражат айналым қаражатын толықтыруға, оның ішінде шикізат пен материалдарды сатып алуға, маркетингтік шығыстарға, көлік және логистикалық шығыстарға пайдаланылуы мүмкін;
- қаражат Эмитенттің қызметіне байланысты жабдықты сатып алуға, сондай-ақ Эмитенттің қолда бар жабдықтарының қосалқы бөлшектері мен жинақтауыштарына бағытталуы мүмкін;



- каражат халық тұтынатын тауарлар секторынан тауар белгілерін, брендтерді, кәсіпорындарды (кәсіпорындардағы қатысу үлесін) сатып алуға байланысты мәмілелерге бағытталуы мүмкін;
  - рейтингі ВВВ-ден төмен емес бағалы қағаздарды сатып алу.
- 2) инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.

Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

- 18. Айналыс мерзімі өткен Эмитент бұрын орналастырған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (Эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:**

Осы шығарылымның облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейді.

### **8 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН (АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ САТЫП АЛҒАНДАРЫН ҚОСПАҒАНДА) АКЦИЯЛАРЫНЫҢ (ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛҒА ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІНІҢ) ОН ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП ПАЙЫЗЫН ИЕЛЕНЕТІН ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР НЕМЕСЕ ІРІ АКЦИОНЕРЛЕР (ҚАТЫСУШЫЛАР) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

- 19. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:**

- 1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) (жеке тұлға үшін):

Эмитентке қатысушылардың құрамында жеке тұлғалар жоқ.

- 2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін):

Эмитенттің жалғыз қатысушысы "RG Brands" АҚ болып табылады.

- 3) құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы:

"RG Brands" АҚ Эмитенттің жарғылық капиталындағы 100% үлестің меншік иесі болып табылады.

- 4) құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) Эмитенттің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін иелене бастаған күн.

2006 жылғы 4 сәуір.

### **9 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

- 20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:**

- 1) *Директорлар кеңесі немесе Байқау кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (директорлар Кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып):*

Жалғыз қатысушы Эмитенттің жоғары басқару органы болып табылады. Атқарушы орган Бас директор болып табылады. Байқау кеңесі Эмитенттің жарғысында көзделмеген.

- 2) *Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелері сайланған күн және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер, хронологиялық тәртіппен:*

Қолданылмайды.

- 3) *Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі Эмитенттің дауыс беретін акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі Эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы:*

Қолданылмайды.

- 4) *Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы директорлар кеңесінің немесе байқау кеңесінің әрбір мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы 13:*

Қолданылмайды.

**21. Алқалы орган немесе эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:**

- 1) *атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде):*

Эмитенттің жарғысына сәйкес Бас директор Эмитенттің атқарушы органы болып табылады. Эмитенттің бас директоры Ағыбаев Асқат Ерикжанович болып табылады.

- 2) *атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің өкілеттіктері көрсетіле отырып, сайланған күн және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:*

Эмитенттің Бас директоры болып Ағыбаев Асқат Ерикжанович сайланған күн: 2018 жылғы 5 қараша.

Эмитенттің Бас директорының соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2018 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін - "RG Brands" Kazakhstan ЖШС Бас директоры. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Эмитенттің жарғысында белгіленген құзыреттер шегінде Эмитенттің қызметіне ағымдағы басшылықты және оның істерін жүргізуді жүзеге асырады;
- 2015 жылғы 5 қаңтардан бастап 2018 жылғы 5 қарашаға дейін - "RG Brands" Kazakhstan ЖШС қаржы мәселелері жөніндегі бас басқарушысы. Эмитенттің қаржы-экономикалық қызметіне басшылық етті.

бас директордың өкілеттіктері:



- бірінші басшы (жоғары лауазымды тұлға) бола отырып, Эмитенттің барлық қызметі үшін жауапты болады, Жарғыға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мүлікті басқарады және оның капиталын басқарады;
- негізгі қызмет бағыттарына сәйкес эмитенттің жұмысына жедел басшылықты жүзеге асырады, Жалғыз қатысушының шешімдерін ұйымдастырады;
- Эмитент атынан мәмілелер жасайды, Эмитент қабылдаған міндеттемелердің орындалуын ұйымдастырады:
  - Эмитент қызметкерлерінің арасында міндеттерді бөледі, олардың өкілеттігін анықтайды;
  - Эмитент атынан Қазақстан Республикасындағы, сондай-ақ шет елдердегі заңды тұлғалар мен азаматтарға талап-арыз және талап қою туралы шешім қабылдайды;
  - Эмитент атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
  - Эмитенттің мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді;
  - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес эмитенттің қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау, ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
  - Эмитенттің жарғысына сәйкес Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылатындарды қоспағанда, Эмитенттің мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті кез келген басқа да заңды және нақты іс-әрекеттерді жасайды.

3) Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысына тиесілі дауыс беретін акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Эмитенттің бас директоры Эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлесіне ие емес.

**22. Егер Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда, онда мыналар көрсетіледі:**

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеді.

## **10 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

**23. Эмитент қызметінің түрлері:**

1) қызметтің негізгі түрі:

Эмитент қызметінің негізгі түрі – халық тұтынатын тауарлар өндірісі, оның ішінде: алкогольсіз сусындар, бөтелкедегі су, шырындар, құрамында шырыны бар сусындар, сүт өнімдері, шай және шай өнімдері, және басқа да өнімдер. Қазіргі уақытта Эмитент келесі нарықтарда ұсынылған: ыстық шай нарығы, газдалған сусындар нарығы, шырындар нарығы, бөтелкедегі су нарығы, суық шай нарығы. Эмитент "Пиала", "Pepsi", "7up", "Mirinda", "Gracio", "DaDa", "Нектар Солнечный", "A'SU", "Lipton Ice Tea" сияқты барлық нарықта жетекші брендтермен ұсынылған. Компания өнімдерінің портфелі маусымдылық факторларының әсерін төмендету үшін бөлінген, мысалы, өнімдер портфелінде мамыр-тамыз айларында үлкен сұранысқа ие өнімдер бар

(салкындататын сусындар келесі кестеде ұсынылған) және жыл бойы, әсіресе мереке күндері сұранысқа ие шырындар, шай сияқты тауарлар. Эмитенттің жалпы кірістегі үлесі:

- 2) маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және Эмитенттің жалпы табысындағы олардың үлестерін көрсете отырып, Эмитенттің қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасын қамтиды:

Эмитент өнімінің төменде көрсетілген кейбір түрлерінің өндірісі маусымдық сипатқа ие:

Өнімнің атауы	31.12.2021 ж. іске асырудың жалпы көлеміндегі үлесі, %
Шырындар мен құрамында шырыны бар сусындар	23%
Пакеттегі шай	23%
Алкогольсіз сусындар	47%
Пакеттелген сүт	7%
Қайта сатуға арналған тауарлар	0,4%
<b>Жиыны</b>	<b>100%</b>

- 3) Эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Эмитенттің бәсекелестері ретінде ұқсас өнімдерді өндірушілерді қарастыруға болады, олардың кейбіреулері төменде көрсетілген:

Өнім санаты	Негізгі бәсекелестер	Сауда белгілері
Ыстық шай	"Tea House" ЖШС	«Ассам чай», «Симба», «Индира», «Наурыз», «Тенгри», «Тамаша» и «Сандэй»
	Orimi	Greenfield, TESS, «Принцесса Нури», «Принцесса Ява», «Принцесса Канди», «Принцесса Гита», «Шах», «Жемчужина Нила»
	Unilever	«Lipton»
Газдалған алкогольсіз сусындар	«Кока-Кола Алматы Боттлерс» БК ЖШС	«Coca-Cola», «Fanta», «Sprite», «BonAqua»
Шырындар	RAIMBEK GROUP	«Juicy»
	«Кока-Кола Алматы Боттлерс» БК ЖШС	«Piko»
Бөтелкедегі су	"Юникс" ЖШС	«Tassay»
	"Азия Су Компаниясы" ЖШС	«Turan»
	"Кока-Кола Алматы Боттлерс" БК ЖШС	«Bonaqua»
Суық шай	"Кока-Кола Алматы Боттлерс" БК ЖШС	«Fuse-tea»
	"GALANZ bottlers» АҚ	«Maxi чай»

Дереккөз: Эмитенттің мәліметтері бойынша

- 4) Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызметтердің) табыстылығына оң және теріс әсер ететін факторлар:

Жыл сайын Эмитенттің сату көлемі, сондай-ақ табыстылығы тұрақты оң динамиканы көрсетеді, бұл Эмитент брендтерінің нарықтағы күшті позицияларына, елеулі маркетингтік бастамаларына және құйылуға байланысты. Тұрақты өнімдік инновациялар және сауда және маркетингтік бағдарламаларда үздік әлемдік практикаларды пайдалану, соның ішінде порциялық өнім желісін және сату арналарын дамытуды қоса алғанда, баға саясатын басқарумен бірге, өнімнің барлық санаттары

бойынша сатудың тұрақты өсуін және маржиналдык кірістілікті жақсартуды жалғастыруда.

**Оң факторлар:**

- Үйде тұтынуды арттыру;
- Салауатты өмір салтына деген қызығушылықты арттыру;
- Компанияның Қазақстан нарығындағы алкогольсіз сусындар мен шырындардың жетекші өндірушілерінің бірі ретіндегі имиджі;
- Қазіргі заманғы жабдықтарды жаңарту және енгізу;
- Өнімдік инновациялар және сауда және маркетингтік бағдарламаларда үздік әлемдік практикаларды пайдалану.

**Теріс факторлар:**

- Коронавирустық пандемияның өршуі және оның әлемдік нарықтарға қазіргі әсері;
- Пандемия аяқталғаннан кейінгі ықтимал құлдырау;
- Мұнай бағасына қатысты тұрақсыз жағдай.

- 5) *эмитентте бар лицензиялар (патенттер) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік жасайтын зерттеу әзірлемелеріне арналған шығындар туралы ақпарат:*

Эмитент лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асырмайды, сондай-ақ зерттеулер мен әзірлемелерді, оның ішінде зерттеу әзірлемелерін жүзеге асырмайды және демеушілік жасамайды.

- 6) *эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі және өткізілетін өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі Эмитент экспортқа өткізетін (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) үлесі);*

**Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі импорттың үлесі:**

Импортер	Шикізаттың атауы	Ел	31.12.2021 ж. арналған шикізаттың жалпы көлеміндегі үлесі
Asian Tea Company Private Limited	шай	Үндістан	14%
VAN REES B. V.	шай	Нидерланды	6%
China Resources	каптама	Қытай	5%
Басқалар			75%
<b>Жиыны</b>			<b>100%</b>

**Эмитент экспортқа өткізетін өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өткізілетін өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі:**

31.12.2021 ж. жағдай бойынша эмитенттің экспортқа өткізетін өнімінің жалпы көлеміндегі өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) үлесі 13% - ды құрайды.

- 7) *Эмитенттің қатысуымен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді*



өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне Эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:

Эмитент Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, Эмитенттен Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне қатыспайды.

8) *Эмитенттің қызметіне әсер ететін басқа да тәуекел факторлары.*

Эмитенттің облигацияларын ұстаушылары ұшырауы мүмкін негізгі тәуекелдер облигациялар бойынша дефолт тәуекелі болып табылады – яғни облигацияларды шығару шарттарында көзделген мерзімде сыйақыны (купонды) және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлемеу немесе толық төлемеу тәуекелі және облигациялар құнының едәуір артуына/төмендеуіне әкелетін қор нарығының күрт ауытқуы кезінде туындайтын облигацияларға бағалардың өзгеру тәуекелі. Алайда Эмитент бұл тәуекелді төмен деп санайды.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт тәуекелі эмитенттің қаржылық жай-күйінің нашарлауы салдарынан туындауы мүмкін, сондықтан бұдан әрі Эмитенттің қызметіне тән тәуекелдер ұсынылады:

- бәсекелестік ортаның тәуекелі – нарықтық жағдайдың өзгеруіне байланысты тәуекел. Атап айтқанда, Қазақстанның Кеден одағына кіруі нәтижесінде Ресей, Украина және Белоруссия тарапынан бәсекелестік күшейе түсуде.
- валюталық тәуекел – валюта бағамдарының өзгеруіне және валюта бағамдарының құбылмалылығына байланысты тәуекел. Эмитент тәуекелдің осы түріне ұшырайды, өйткені Эмитент шикізатының 50% - дан астамы импортқа келеді.
- Саяси тәуекел - саяси жүйе мен заңнаманың, атап айтқанда салық заңнамасының өзгеруі мүмкін өзгеріспен байланысты тәуекел.
- әлеуметтік тәуекел - бұл Эмитенттің қызметіне теріс әсер етуі мүмкін білікті кадрлардың жоғалуы.
- форс-мажорлық тәуекел – төтенше жағдайлардың туындауымен және тиісінше Эмитенттің қызметіне ықтимал теріс әсер етумен байланысты тәуекел.

24. **Тауар айналымының көлемі өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) тұтынушылар мен берушілер туралы мәліметтер):**

Үлесіне барлық жеткізілімдердің жалпы көлемінің 10% және одан астамы келетін Эмитенттің жеткізушілері:

Атауы	Орналасқан жері	31.12.2020 ж. жеткізілімдердегі үлесі, %
PORTFOLIO CONCENTRATE SOLUTIONS UC	Ирландия	10%

Эмитент жақын арада шикізат көзіне қолжетімділік тұрақты және ол үшін тиімді болады деп болжайды. Айта кету керек, бұл жеткізушілер көптеген жылдар бойы Эмитенттің серіктестері болып табылады, бұл келіссөздер кезінде сатылымның жақсы төлем тәртібімен қатар, Эмитенттің саудалық қаржыландыру мен несиелік желілерге қол жетімділігімен қатар қосымша артықшылық береді.

Эмитенттің тұтынушылары жоқ, олардың үлесі көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінің он және одан да көп пайызын құрайды. Эмитенттің тұтынушылары Эмитенттің жалпы түсімінің 10% - дан аз үлесін иеленуіне байланысты әрбір

тұтынушының үлесі жеке-жеке Эмитенттің жалпы түсімінің көлеміне елеулі әсер етпейді.

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитенттің активтері:

Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері:

МЕА түрлері	Баланстық құны	31.12.2020 ж. арналған МЕА жалпы баланстық құнының үлесі, %
Лицензиялық келісімдер	51 404	54%
Бағдарламалық жасақтама	23 695	25%
Өзгелері	20 841	22%
<b>Жиыны:</b>	<b>95 940</b>	<b>100%</b>

Баланстық құны НҚ жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын негізгі құралдардың (НҚ) түрлері:

НҚ түрлері	Баланстық құны	31.12.2020 ж. арналған НҚ жалпы баланстық құнының үлесі, %
Машиналар мен жабдықтар	17 827 545	68%
Ғимараттар мен құрылыстар	5 999 707	23%
Жер	2 012 127	7%
Басқа НҚ	331 877	1%
<b>Жиыны:</b>	<b>26 171 256</b>	<b>100%</b>

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешек:

Контрагент	Валюта	31.12.2020 ж. сомасы	Себептері	Үлесі	Өтеу күні
ТОО Magnum Cash and carry	KZT	254 117	сатып алушылардың берешегі	12%	31.01.2021
Өзгелер	KZT	1 805 200	сатып алушылардың берешегі	88%	31.01.2021
<b>ЖИЫНЫ:</b>				<b>100 %</b>	

27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитенттің кредиторлық берешегі:

Эмитенттің неғұрлым ірі он кредиторының тізімі, мың теңге:

Дебиторлардың атауы	Валюта	Берешектің мәні	Берешек сомасы 31.12.2020 ж. мың теңге	ДБ жалпы сомасындағы үлесі, %	Өтеу күні
Asian Tea Company Private Limited	USD	шикізат және материалдар үшін	1 241 372	10%	31.03.2021
Басқалары	KZT	шикізат және материалдар үшін	11 771 531	90%	31.03.2021
<b>ЖИЫНЫ:</b>			<b>13 012 903</b>	<b>100%</b>	

28. Эмитенттің левередж шамасы:

Атауы	31.12.2018	31.12.2019	31.12.2020
Міндеттемелер, мың теңге	37 306 225	51 684 355	58 773 882
Меншікті капитал, мың теңге	16 747 886	17 295 861	19 889 650
Левередж	2,23	2,99	2,95

29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген, соңғы аяқталған екі қаржы жылы үшін эмитенттің қызметінен алынған таза ақша ағындары:

Атауы	2018 год (ауд.)	2019 год (ауд.)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағындары	5 013 302	6 970 507
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағындары	-7 631 579	-18 992 983
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза ағындары	3 614 255	8 198 006
<b>Ақша қаражаттарының таза өсуі / азаюы</b>	<b>995 978</b>	<b>-3 824 470</b>
Жыл басындағы ақшалай қаражат	4 957 715	5 977 224
Шетел валюталары бағамының өзгеруінің оған қатысты әсері	23 531	69 601
<b>ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>5 977 224</b>	<b>2 222 355</b>

30. Эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары (облигациялардың өтелген және күші жойылған шығарылымдарын қоспағанда) туралы облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейінгі мәліметтер:

Эмитент бұрын борыштық бағалы қағаздардың шығарылымын тіркемеген.

## 11 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОЛ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

### 31. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:

- 1) проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- 2) проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигациялардың номиналды құнынан тіркелген сыйақыны алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 4) проспектіде белгіленген жағдайларда сатып алуға облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін мәлімдеу құқығы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ эмитенттің ішкі қағидаларында және "Қазақстан қор биржасы" АҚ талаптарында көзделген тәртіппен эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- 6) облигацияларды еркін иеліктен шығару және оларға өзгеше түрде билік ету құқығы;



7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы:

а. егер Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген талаптардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

